

ТҮПНҰСҚА
ОРИГИНАЛ

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

MEDISINA
AKADEMIASY

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

MEDICAL
ACADEMY

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

Гигиена және эпидемиология кафедрасы

Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқау

044 -59/11()

36 беттің 1 беті

ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚҚА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

Пәні: «Мамандыққа кіріспе»

Пән коды: МК - 1201

БББ атауы: 6В10118 «Медициналық профилактикалық іс»

Оқу сағаты/кредит көлемі: 120 сағат (4 кредит)

Оқу курсы мен семестрі: 1 курс, 2 семестр

Тәжірибелік сабақтар: 32 сағат

Шымкент 2023ж.

ТҮПНҰСҚА
ОРИГИНАЛ

ОҢТҰСТІК ҚАЗАҚСТАН
MEDISINA
AKADEMIASY
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN
MEDICAL
ACADEMY
АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

Гигиена және эпидемиология кафедрасы

Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқау

044 -59/11()

36 беттің 2 беті

Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқау «Мамандыққа кіріспе» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасына (силлабус) сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № «10» 23.05.2023 ж.

Кафедра меңгерушісі, м.ғ.к., доцент м.а.

Утепов П.Д.

1. №1 Тақырыбы: Санитариялық- эпидемиологиялық қызметті ұйымдастыру және оның даму тарихы.

2. Мақсаты: білім алушыларды гигиена ғылымы мен санитариялық- эпидемиологиялық қызметтің даму тарихымен таныстыру.

3. Оқыту міндеттері:

Білім алушы білуі және істей алуы тиіс:

1. Гигиенаның ғылым ретінде анықтамасын;
2. Гигиенаның мақсаты мен міндетін, бөлімдерін;
3. Санитариялық- эпидемиологиялық қызметтің даму тарихын;
4. ҚР санитариялық- эпидемиологиялық қызметтің құрылымын.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Гигиенаның Көне Заманда дамуы.
2. Капитализм кезіндегі гигиенаның дамуы.
3. Кеңес Одағы кезіндегі санитариялық- эпидемиологиялық қызметтің дамуы.
4. Егеменді Қазақстандағы санитариялық- эпидемиологиялық қызмет жүйесі.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: кіші топпен жұмыс

6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: ауызша сұрау, тест тапсырмаларын шешу

7. Әдебиет: №1 –қосымшаны қараңыз

8. Бақылау (сұрақтар):

1. Гигиена ғылымы нені зерттейді?
2. Гигиенаның мақсаты мен міндеттері қандай?
3. Қазақстанда гигиена ғылымының дамуына үлес қосқан қандай ғаламдарды білесіз?
4. Қазақстанда санитариялық- эпидемиологиялық қызмет қалай дамыды?
5. ҚР санитариялық- эпидемиологиялық қызметтің құрылымы қандай?

Тест

1. Санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы іс-шараларды ғылыми түрде өңдейтін ғылым – ... ҒЫЛЫМЫ.

- А. гигиена
- Б. санитария
- В. биология
- Г. эпидемиология
- Д. экология

2. Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің гигиеналық нормативтердің, талаптардың, ережелердің тәжірибеде сақталуын қадағалайтын жүйе ... деп аталады.

- А. санитария
- Б. гигиена
- В. биология
- Г. эпидемиология
- Д. экология

3. Қоршаған ортаның сапасы мен халықтың денсаулығының жай-күйін бақылаудың мемлекеттік жүйесіне ... жатады.

- А. санитарлық-эпидемиологиялық реттеу жүйесі
- Б. гигиеналық диагностика
- В. әлеуметтік-гигиеналық мониторинг
- Г. аймақтық гидрометеорологиялық мониторинг жүйесі
- Д. тәуекелді бағалау әдістемесі
4. Гигиеналық нормалар дегеніміз
 - А. денсаулыққа зиянды әсер етуші факторларды болдырмау, алдын алу
 - Б. зиянды әдеттерден қорғау
 - В. табиғи ортаның барлық компоненттерінен қорғау
 - Г. айқын физиологиялық бейімделу реакцияларының болмауы
 - Д. зиянды әсерлерді болдырмау
5. Гигиенаның негізін салушы ғалым -
 - А.Доброславин А.П.
 - Б.Семашко Н.А.
 - В.Соловьев З.П.
 - Г.Чарльз Дарвин.
 - Д.Добрынин А.И.
6. Санитарлық қадағалаудың түрлері
 - А. мемлекеттік қадағалау
 - Б. ведомстволық қадағалау
 - В. кәсіби қадағалау
 - Г. еңбекті қорғауды қадағалау
 - Д. қоғамдық бақылау
7. Алғашқы аймақтық санитарлық-бактериологиялық институт қашан және қай жерде ашылды?
 - А. Қызылорда қаласында 1925 жылы
 - Б. Алматы қаласында 1930 жылы
 - В. Шымкент қаласында 1932 жылы
 - Г. Тараз қаласында 1922 жылы
 - Д. Ақтөбе қаласында 1935 жылы
8. Ең алғашқы санитарлық – гигиеналық факультет ... ашылған.
 - А. 1943 жылы
 - Б. 1930 жылы
 - В. 1945 жылы
 - Г. 1927 жылы
 - Д. 1954 жылы
9. Қарағанды қаласындағы Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар ҒЗИ негізі ... қаланды.
 - А. 1958 жылы
 - Б. 1930 жылы
 - В. 1945 жылы
 - Г. 1927 жылы
 - Д. 1954 жылы
10. Тағамтану академиясының негізін қалаушы ғалым - ...
 - А. академик Т.Ш. Шарманов

Б. профессор Ж.Т. Турлыбеков
В. профессор Б.А. Атчабаров
Г. профессор С.Д. Асфендияров
Д. профессор Б.Е.Алтынбеков

1. №2 Тақырыбы: Медициналық этиканың аспектілері. Этикалық қағидаттар.

2. Мақсаты: білім алушыларды медициналық этиканың аспектілері мен этикалық қағидаттармен таныстыру.

3. Оқыту міндеттері:

Білім алушы білуі және істей алуы тиіс:

1. Медициналық этика туралы жалпы түсінікті;
2. Медициналық этиканың дамуын;
3. Медициналық этиканың негізгі аспектілерін;
4. Этикалық қағидаттарды.

4.Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Этика туралы түсінік.
2. Биомедициналық этиканың модельдері.
3. Этиканың міндеттері мен негізгі мәселелері.
4. Этикалық қағидаттар.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: кіші топпен жұмыс

6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шешу

7. Әдебиет: №1 –қосымшаны қараңыз

8. Бақылау (сұрақтар):

1. Медициналық этиканың негізгі бағыттарын атаңыз.
2. Медициналық этиканың үш негізгі модельдерін атаңыз.
3. Қайырымдылық қағидатын қалай түсінесіз?
4. Автономия қағидатына мысал келтіріңіз.
5. Әділеттілік және толыққанды медициналық көмек қағидаттары туралы не білесіз?

Жағдайлық есептер

№1-есеп. Көшеде ұсталған мас ер адам «дәрігерлік» сауықтыру пунктіне жеткізіліп, денсаулығының нашарлауына байланысты медициналық көмек көрсетуді талап еткен. Азаматтың заңды талабына, сауықтыру орталығында жұмыс істейтін полицейлер оны құлатып, арқанмен қатты байлап тастағаны соншалық, денесінің көптеген жері көгерген, сыдырылған және беткей жарақаттар алған. Ешқандай медициналық көмек көрсетілмеген. Азаматты байлауға сауықтыру орталығында қосымша жұмыс істейтін дәрігер қатысты. Азамат 2 сағаттай байлаулы күйде болған, соның салдарынан 21 күннен астам сол қолының қызметі бұзылған.

Сұрақтар:

1. Азаматқа қандай дәрежедегі (жеңіл, орташа, ауыр) зиян келтірілді?
2. Сауықтыру орталығының қызметкерлері қандай заңды жауапкершілікке тартылуы мүмкін?

3. «Қосымша жұмыс жасайтын» дәрігер Әдеп кодексінің қандай баптарын бұзды?

№2 есеп. 12 жасар мектеп оқушысы жазғы балалар лагерінде демалыста болған кезде ішінің ауырсынуына шағымданып дәрігерге қаралды. Лагерь дәрігері энтеритке күдіктеніп, балаға Бисептол беріп, оның бақылауында таңертеңге дейін медициналық бөлімде қалдырған. Келесі күні бала орталық аудандық ауруханаға жеткізіліп, оған аппендицит диагнозы қойылып, операцияға келісімге қол қоюды сұрайды. Бала аппендэктомия операциясына келісім беруден бас тартты. Дәрігерлер ота жасауға келісін алу үшін баланың басқа қалада тұратын ата-анасын іздеп көрді, бірақ нәтиже болмады. 2-ші күні орталық аудандық аурухананың дәрігерлері бала демалып жатқан лагерь әкімшілігінен ота жасауға келісін сұраған, олар бірден келісім берді, алайда диффузды перитонит дамыған. Бірнеше күннен кейін бала перитониттен қайтыс болды.

Сұрақтар:

1. Биоэтикалық мәселеге анықтама беріңіз.
2. Баланың операцияға келісімінің заңдық мәні болды ма?

№3-есеп. Ауылдық жерде бір адам ауыр жарақат алды. Жәбірленушінің жағдайы хирургиялық араласумен шұғыл білікті медициналық көмекті қажет етті. Қажетті көмек көрсеткен фельдшер қаладан аурухана көлігін шақырған, бірақ науқастың жағдайының ауырлығына байланысты уақытты босқа өткізбей (қосымша бір жарым сағат) жақын маңдағы көлік иесіне хабарласып, өзін және жәбірленушіні ауруханаға жеткізуді сұрайды. Қызмет көрсететін көлік иесі фельдшердің өтінішінен бас тартты. Жақын жерде басқа көлік болған жоқ. Жәбірленуші жедел жәрдем көлігінде жарақаттанғаннан кейін 2,5 сағаттан кейін ауруханаға бара жатқан жолда қайтыс болды.

Сұрақтар:

1. Биоэтикалық мәселеге анықтама беріңіз.
2. Фельдшердің әрекетін дұрыс емес деп жіктеуге бола ма? Түсіндіріңіз.
3. Фельдшердің көмегі жүргізуші үшін құқық па, әлде міндет пе? Түсіндіріңіз.

№4 есеп. Дәрігер Б. достарымен ауылға балық аулауға келген. Б., балық аулау кезінде алкогольдік сусындарды ішіп, өзін дәрменсіз күйге жеткізген. Осы кезде медицина қызметкері жоқ жақын маңдағы ауылдың тұрғынында жәндіктердің шағуы салдарынан ангионевротикалық ісіну пайда болған. Көршілер дәрігерді есіне алып, оны көлікпен балық аулайтын жерге алып кетуге келді, бірақ оның жағдайына байланысты дәрігер Б. жәбірленушіні тексере алмады, тіпті кеңес бере алмады. Жәбірленуші асфиксиядан өліп қала жаздады, өйткені бұған дәлел бар, бірақ ол тірі қалды. Артынша жәбірленуші дәрігер Б.-ны шұғыл көмек көрсетпегені үшін қылмыстық жауапкершілікке тартуды прокурордан талап етті.

Сұрақтар:

1. Әдеп кодексіне сәйкес дәрігер жұмыс уақытынан тыс уақытта медициналық көмек көрсетуге міндетті ме?
2. Дәрігер медициналық көмек көрсетпегені үшін қылмыстық жауапкершілікке тартыла ма? Түсіндіріңіз.

1. №3 Тақырыбы: Медицинадағы әріптестер арасындағы қатынастар.

2. Мақсаты: білім алушыларды медицинадағы әріптестер арасындағы қатынастардың түрлерімен таныстыру.

3. Оқыту міндеттері:

Білім алушы білуі және істей алуы тиіс:

- Денсаулық сақтау қызметкерлерінің этикалық кодексін;
- Медициналық қызметкерлердің ар-намыс кодексін;
- Топішілік коммуникацияларды.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

- 1) ЕПМ-дегі дәрігерлердің, мейірбикелердің және басқа да мамандардың қарым-қатынасы жазылған, денсаулық сақтау қызметкерлерінің этикалық кодексінде негізгі қағидалар.
- 2) ЕПМ-дегі дәрігерлердің, мейірбикелердің және басқа да мамандардың қарым-қатынасы жазылған, медициналық қызметкерлердің ар-намыс кодексінде негізгі қағидалар.
- 3) Ұжым ішіндегі қарым-қатынаста туындайтын мәселелер.
- 4) Ұжым ішіндегі дауды шешу жолдары.
- 5) Дәрігер мен медбикенің өзара әрекетінде деонтологияның ережелері.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: кіші топпен жұмыс

6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шешу

7. Әдебиет: №1 –қосымшаны қараңыз

8. Бақылау (сұрақтар):

1. Денсаулық сақтау қызметкерлерінің этикалық кодексіндегі ЕПМ қызметкерлері қарым-қатынасының негізгі қағидалары қандай?
2. Ұйымдастырылған менеджмент топішілік коммуникацияға және ЕПМ жұмысының тиімділігіне қалай әсер етеді?
3. Даулы мәселелердің және оларды шешу жолдарының қандай түрлері бар?
4. Медициналық ұжымның еңбек тәртібін қандай нормативтік құжаттар реттейді?
5. Денсаулық сақтау мекемесінің мамандары арасында қандай қатынастар болуы мүмкін?

Жағдайлық есептер

№1-есеп

Жаңа туған нәрестелер бөлімінде жас маман-педиатр жұмыс істейді. Жаңа туған нәрестеге 25% 6 мл магний сульфатының ерітіндісін бұлшықет ішіне егуді тағайындаған. Тәжірибелі медбике оның назарын препараттың тым жоғары дозасына аударды, алайда ол бәрі дұрыс жазылған және медбике тек дәрігердің тағайындауын орындауы керек деген жауап алды. Бұл жауаптан кейін медбике бөлім меңгерушісіне болған жайды мәлімдеді.

Бөлім меңгерушісі педиатрды шақырып, препаратты тағайындаудағы қатені көрсетті.

Препараттың дозасы 6 мл-ден 0,6 мл-ге түзетілді.

Сұрақ: Медбике бөлім меңгерушісінен этикалық дилемманы шешуді сұрап, дұрыс әрекет етті ме?

№2-есеп

Хирургиялық бөлімде жас дәрігер мен медбике арасында романтикалық қарым-қатынас орнады. Олар жұмыстан тыс ортада жиі кездесе бастады, содан кейін жұмыста түнгі ауысымды бірге атқаруды ұйғарды. Көбінесе түнде, барлық процедуралар аяқталған кезде, олар 1-2 сағатқа бос болды. Ондай кезде қызметкерлер бөлмесін кілтпен бекітіп, демалатын. Кезекшілік кезінде пациенттер туындаған мәселелерге байланысты бірнеше рет медициналық қызметкерлерді іздеуге мәжбүр болды. Алайда, әзірге бұл жағдайдың айтарлықтай салдары болған жоқ. Көбірек бос уақыт үшін медбике кейбір жоспарланған кешкі процедураларды өткізіп жібере бастады. Кезекті кезекшілікте болған дәрігердің науқасқа клизма жасау туралы бұйрығына медбике жауап ретінде: «Бұл сізге қажет, сондықтан клизманы өзіңіз жасаңыз» деп жауап берді. Бір күні таңғы сағат 3-те бауыр циррозы бар науқаста өңеш пен асқазанның варикозды кеңеюінен көп мөлшердегі асқазан-ішектік қан кетулер болды. Палатада жатқан науқастың алаңдаған көршілері медицина қызметкерлерін іздей бастады. Алайда олар ешкімді таба алмады. Содан кейін науқастардың бірі аурухананың жедел жәрдем бөліміне келіп, болған жағдайды хабарлады. Шұғыл шақырылған реаниматолог науқасты клиникалық өлім жағдайында тапты. Жасалған реанимациялық шаралар, өкінішке орай, нәтиже бермеді. Аурухананың емдеу-бақылау комиссиясында бұл жағдайды талдау кезінде асқазан-ішек жолынан қан кеткен науқасқа уақтылы көмек көрсетпеу себептері анықталды. Дәрігер мен медбике ауруханадан шығарылды.

Сұрақтар:

1. Дәрігер мен медбикенің жеке қарым-қатынасының сипатталған жағдайы типтік немесе өте сирек деп ойлайсыз ба?
2. Бұл жағдай еңбек қатынастарына әсер ете ме?
3. Дәрігер мен медбике жеке қарым-қатынаста болған жағдайда не істеу керек еді?

№3- есеп

Егде жастағы науқас, 68 жаста, емханада жалпы тәжірибелік дәрігерге қаралуға келді. Науқастың шағымдары: физикалық белсенділікке немесе күйзеліс жағдайларына байланысты кеудедегі ауырсыну, ентігу, жүрек қызметінің үзілістері, ырғақтың бұзылу сезімі, аяғының төменгі жағында ісіну байқалады. Шағымын айтып тұрған науқастың сөзін бөліп, дәрігердің әріптесі (келесі бөлмедегі учаскелік терапевт) қолындағы жаңа етікпен кабинетке кіреді. Етігін қарт әйелдің алдында қатты сілкіп тұрған дәрігер жаңадан сатып алғанын көрсете бастады. Ештеңе болмағандай, терапевт науқасты ұмытып, етікті қолына алып, қарай бастайды. Терапевт пен оның әріптесі науқас әйелге назар аудармай, жаңа етіктерді қызу талқылай бастайды. Науқас болған жағдайға мұңайып қарап, орнынан тұрып, үнсіз кабинеттен шықты.

Сұрақтар:

1. Жалпы тәжірибелік дәрігер мен оның әріптесінің бұл әрекетін қалай бағалайсыз?
2. Бұл жағдайда дәрігер өзін қалай ұстауы керек? Сіз эмоционалды әріптесіңізге не айтуыңыз керек?
3. Науқастың жалпы дәрігерлер туралы пікірі қандай?

№4- есеп

Аудандық шағын қалада бірінші біліктілік санатты жалғыз 36 жастағы травматолог дәрігер 10 жылдан бері жұмыс істейді. Ауруханада науқастарды емдеп, емханада кенес береді. Ол өз міндеттеріне адалдықпен қарайды, науқастармен қарым-қатынасында ол сыпайы және мұқият, бұл үшін пациенттері оны құрметтейді және жақсы көреді. Бірақ оның «кішігірім әлсіздігі» бар: кейде жұмыстан кейін пациенттер оны сәтті емделгеннен кейін сыйға беретін 100-150 грамм коньяк ішуді ұнатады. Мұндай жағдайларда оның көңіл-күйі тез көтеріліп, үйіне қайтып келе жатқанда қаланың дәл ортасында орналасқан шағын алаңға тоқтайды. Біреумен араласқысы келгендіктен, өтіп бара жатқан адамдарды тоқтатып, кімге қашан қарағанын есіне түсіріп, олармен түрлі жаңалықтарды, күнделікті мәселелерді талқылай бастайды. Сонымен бірге ол көп ым-ишара жасайды, қатты сөйлейді және басқалардың назарын аударып күледі. Әдетте, мұндай «халықпен қарым-қатынас» 20-30 минутқа созылады, содан кейін дәрігер одан да қуанышты көңіл-күймен үйіне барады.

Сұрақтар:

1. Сіздің ойыңызша, дәрігердің жұмыстан тыс уақытта мұндай әрекеті дұрыс па?
2. Сипатталған жағдайдың қандай салдары болуы мүмкін?
3. Дәрігердің алкогольді ішуі мүмкін бе?

1. №4 Тақырыбы: Медициналық құқық пәні және әдістері. Медициналық құқықтың қайнар көздері.

2. Мақсаты: білім алушылардың денсаулық сақтау саласын реттейтін заңдарды, НҚА мен ақпараттарды талдау машықтарын игерту.

3. Оқыту міндеттері:

Білім алушы білуі және істей алуы тиіс:

1. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы қазіргі заңнамасының жағдайы: қалыптасу тарихы мен жағдайын;
2. Медициналық құқықтың қайнар көздерін;
3. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасының құрамын;
4. Денсаулық сақтау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамалық жүйесін құрудың мақсаттары, міндеттері мен қағидаттарын.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Медициналық құқық саласы, ғылым және оқу пәні ретінде.
2. Медициналық құқықтың түсінігі, пәні, әдісі және жүйесі.
3. Медициналық құқықтың қатынастар: түсінігі, құрамының түрлері.
4. Медициналық құқықтың жүйесі мен қайнар көздері.
5. Медициналық құқықтың қайнар көздерінің жіктелуі.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: кіші топпен жұмыс

6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: ауызша сұрау, тест тапсырмаларын шешу

7. Әдебиет: №1 –қосымшаны қараңыз

8. Бақылау (сұрақтар):

1. Медициналық құқықтың Қазақстан Республикасы құқық саласы, ғылым және оқу пәні ретіндегі мәні неде?

2. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарын әзірлеуде, азаматтардың медициналық көмек көрсетудегі құқықтарын қорғауда медициналық құқықтың рөлі қандай?
3. «Медициналық құқықтың қайнар көздері» дегеніміз не?
4. Медициналық құқық қайнар көздерінің қандай түрлерін білесіз?

Тест

1. Қоғам үшін ең жоғары құндылық
 - А. адам өмірі мен денсаулығы
 - Б. балалар мен жасөспірімдер
 - В. қоршаған орта
 - Г. қазба байлықтар
 - Д. еңбек жағдайы
2. Жалпыға міндетті, ресми түрде анықталған, мемлекет шығарған немесе санкциялаған нормалар жүйесі
 - А. құқық
 - Б. міндет
 - В. стандарт
 - Г. әдеп
 - Д. регламент
3. Медициналық қатынастарды құқықтық реттеуде ... қолданылады.
 - А. әкімшілік-құқықтық, азаматтық-құқықтық және әлеуметтік-құқықтық әдістер
 - Б. стандарттар
 - В. санитарлық нормалар мен ережелер
 - Г. кедендік одақтың техникалық регламенті
 - Д. клиникалық хаттамалар
4. ҚР құқықтық жүйесіндегі ең жоғары заңдық күші бар құжат:
 - А. ҚР Конституциясы
 - Б. Президенттің жарлығы
 - В. ҚР бас прокурорының бұйрығы
 - Г. депутаттар қабылдаған заң
 - Д. ұйғарымдар
5. Құқықтық реттеуде қолданылатын әдістер:
 - А. императивті және диспозитивті
 - Б. активті және пассивті
 - В. тура және жанама
 - Г. сандық және сапалық
 - Д. позитивті және активті
6. Императивтік норма –
 - А. заңмен белгіленген және құқық субъектісі үшін міндетті болып табылатын құқық нормасы.
 - Б. құқық субъектісі үшін міндетті емес болып табылатын құқық нормасы.
 - В. заңмен белгіленген медициналық ұйымдар орындауға міндетті іс-шаралар.
 - Г. санитарлық нормалар мен ережелер жиынтығы.

Д. заңмен белгіленген медицина қызметкерлерінің күнделікті атқаруы тиіс жұмыстарының нормалары.

7. Диспозитивті әдіс – ... қолданылады.

А. қоғамдық қарым-қатынасты орнатушылар арасын реттеуде

Б. медицина қызметкері пен пациент арасындағы қарым-қатынасты жақсартуда

В. медицина қызметкерлері арасындағы қарым-қатынасты реттеуде

Г. мекеме басшысы мен жұмысшылар арасындағы кикілжіңді реттеуде

Д. көрсетілетін медициналық көмек сапасын жақсартуда

8. ҚР құқықтың негізгі қайнар көзі:

А. Заңдар және нормативтік-құқықтық актілер

Б. Құран және басқада діни нормалар.

В. Құқық прецеденті және құқықтық әдет.

Г. Мемлекеттік билік шешімдері.

Д. Әкімшілік прецедент.

9. Құқықтың негізгі қызметі:

А. Реттеуші және қорғаушы.

Б. Мәдени-тәрбиелік және экономикалық.

В. Ақпараттық.

Г. Экономикалық.

Д. Саяси.

10. Мінез-құлық ережесін көрсететін (яғни, рұқсат ету, тиым салу, міндеттеу) басты құқық элементі түсінігі.

А. Құқық нормасы.

Б. Құқық нысаны.

В. Құқық қызметі.

Г. Құқық қағидасы.

Д. Құқық типі.

1. №5 Тақырыбы: Санитариялық-эпидемиологиялық бақылауда қолданылатын әдістер.

2. Мақсаты: білім алушыларды гигиеналық зерттеудің түрімен және әдісімен таныстыру.

3. Оқыту міндеттері:

Білім алушы білуі және істей алуы тиіс:

1. Санитарлық-гигиеналық зерттеу әдістерін;

2. Зертханалық-аспапты зерттеу әдістерін;

3. Санитарлық-статистикалық зерттеу әдістерін;

4. Өндіріс ортасының қолайсыз факторларының еңбек жағдайына әсерін бағалауда тиімді және қол жететін әдістерін.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Қоршаған орта факторларын гигиеналық бағалау үшін қолданылатын әдістер.

2. Санитарлық сипаттау әдістері, артықшылығы мен кемшіліктері.

3. Химиялық зерттеу әдістері.

4. Эпидемиологиялық зерттеу әдістері.

5. Санитарлық-статистикалық әдістер көмегімен тұрғындардың денсаулығын зерттеу.

6. Гигиеналық тәжірибе әдістері, маңыздылығы.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: кіші топпен жұмыс

6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: ауызша сұрау, тест тапсырмаларын шешу

7. Әдебиет: №1 –қосымшаны қараңыз

8. Бақылау (сұрақтар):

1. Санитарлық-гигиеналық зерттеудің қандай әдістерін білесіз?
2. Зерттеудің қандай зертханалық-аспапты әдістерін білесіз?
3. Өндіріс ортасын бағалау үшін қолданылатын қандай аспаптарды білесіз?
4. Санитарлық бақылау әдісінің маңызы неде?
4. Санитарлық гигиеналық шаралардың тиімділігін бағалау үшін қандай әдістерді қолданады?

Тест

1. Санитариялық-эпидемиологиялық бақылауда қолданылатын әдістерді атаңыз.

А. физикалық, химиялық, бактериологиялық, санитарлық-гигиеналық

Б. бактериологиялық, санитарлық-гигиеналық, биохимиялық, клиникалық

В. статистикалық, биологиялық, эпидемиологиялық, экологиялық

Г. эксперименттік, зертханалық, физикалық, химиялық

Д. бактериологиялық, вирусологиялық, радиациялық, зертханалық

2. Санитариялық-эпидемиологиялық бақылауда қолданылатын арнайы әдістерге ... жатады.

А. санитарлық бақылау

Б. химиялық әдіс

В. биологиялық әдіс

Г. экологиялық талдау

Д. профилактикалық тексеру

3. Санитариялық-эпидемиологиялық бақылауда қолданылатын арнайы емес әдістерге ... жатады.

А. статистикалық әдіс

Б. эксперимент әдісі

В. эпидемиологиялық әдіс

Г. экологиялық талдау

Д. профилактикалық тексеру

4. Бақыланатын нысанның санитарлық жағдайын толыққанды ...нәтижесі арқылы бағалауға болады.

А. кешенді санитарлық тексеру

Б. жұмысшыларға жүргізген сауалнама

В. статистикалық әдістің

- Г. клиникалық тексеру
- Д. гигиеналық сараптама
5. Санитарлық сараптама ... жүргізіледі.
- А. ауыз суға, тағамдық азық-түлікке
- Б. тұрғындардың денсаулық жағдайына
- В. қоршаған ортаға
- Г. атмосфералық ауаға
- Д. еңбек ортасына
6. Ауаның температурасын, ылғалдылығын ... әдіс арқылы бағалайды.
- А. физикалық
- Б. химиялық
- В. статистикалық
- Г. клиникалық
- Д. биологиялық
7. Судағы, ауадағы, тағамдағы жұқпалы ауру қоздырғыштарын ... әдіс арқылы анықтайды.
- А. бактериологиялық
- Б. химиялық
- В. статистикалық
- Г. клиникалық
- Д. биологиялық
8. Жұқпалы аурулардың пайда болуын, берілуін, таралуын механизмін ... әдіс зерттейді.
- А. эпидемиологиялық
- Б. химиялық
- В. статистикалық
- Г. клиникалық
- Д. биологиялық
9. Гигиеналық зертханалық эксперименттің мақсаты-
- А. қоршаған орта факторларының қауіпсіз мөлшері мен деңгейлерін анықтау.
- Б. судағы, ауадағы, тағамдағы жұқпалы ауру қоздырғыштарын анықтау.
- В. жұқпалы аурулардың пайда болуын, берілуін, таралуын механизмін түсіндіру.
- Г. ауаның температурасын, ылғалдылығын, қозғалысын анықтау.
- Д. адамның орташа өмір сүру ұзақтығын арттыру.
10. Тұрғындардың санитарлық-тұрмыстық және денсаулық жағдайына әсер ететін факторларды анықтауда қолданылатын негізгі әдіс -
- А. санитарлық тексеру әдісі
- Б. микробиологиялық әдіс
- В. статистикалық әдіс
- Г. клиникалық тексеру әдісі

Д. биологиялық тексеру әдісі

1. №6 Тақырыбы: ҚР Мемлекеттік қызметкерлердің әдептік қағидаттары.

2. Мақсаты: білім алушыларды Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексімен таныстыру.

3. Оқыту міндеттері:

Білім алушы білуі және істей алуы тиіс:

1. Мемлекеттік қызметкерлердің әдеп кодексін;
2. Мемлекеттік қызметтің әдептік қағидаттарын;
3. Мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне қойылатын жалпы талаптарды.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Мемлекеттік қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі.
2. Мемлекеттік қызметкерлердің моральдік-адамгершілік қасиеттері.
3. Мемлекеттік қызметкерлердің әдебі.
4. Мемлекеттік қызметкерлердің әдеп мәдениетін арттыру жолдары.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: кіші топпен жұмыс

6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шешу

7. Әдебиет: №1 –қосымшаны қараңыз

8. Бақылау (сұрақтар):

1. Мемлекеттік қызметкерлер қандай болуы тиіс?
2. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі қандай қағидаттарға негізделеді?
3. Мемлекеттік қызметшілердің моральдік- әдептік құндылықтарын қалай дамытуға болады?
4. Мемлекеттік қызметшінің бейнесі неден құралады?

Жағдайлық есептер

№1-есеп. Аудандық СЭББ басшысы ұзақ уақыт бойы жеке көлігін ұстау үшін мекеменің гаражын және жұмыс уақытында көлігін мезгіл-мезгіл басқармада жұмыс істейтін қызметкерге жөндетіп отырған.

Сұрақтар:

1. Басшының әрекетінде теріс қылық немесе қылмыс белгілері бар ма? Түсіндіріңіз.
2. СЭББ басшысы қандай жауапкершілікке тартылуы мүмкін: тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық, азаматтық? Түсіндіріңіз.

№2 есеп. «Ар – менің бас төрешім! Ал одан артық жауапкершілікті кім жүктей алады?» (Амосов Н.М., 1976, 35 б.)

Сұрақ: 1. Автордың «ар – басты төреші» деген пікірімен келісуге бола ма? Түсіндіріңіз.

№3 есеп. «Дәрігер өз таңдауында еркін болуы керек, оған өз ар-ожданының жауапкершілігінен басқа ешқандай әкімшілік, қылмыстық немесе басқа жауапкершілік

жүктелмейтінін нық білуі керек» (Медик П. // Клиникалық геронтология. 1995. No 4
Сұрақтар:

1. Автордың пікірімен келісе аласыз ба?
2. «Әкімшілік, қылмыстық немесе өзге де жауапкершілік» жойылса, елімізде көрсетілетін медициналық көмектің сапасы жақсара ма? Түсіндіріңіз.
3. Отандық заңнама дәрігер П. ұстанымын бөлісе ме?

1. №7 Тақырыбы: Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің стандарттары.

2. Мақсаты: білім алушыларды мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің стандарттарымен таныстыру.

3. Оқыту міндеттері:

Білім алушы білуі және істей алуы тиіс:

1. Мемлекеттік қызметшіге қойылатын талаптарды;
2. Мінез-құлықтың жалпы стандарттарын;
3. Қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық стандарттарын;
4. Қызметтік қатынастағы мінез-құлық стандарттарын.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті.
2. Мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақыттағы келбеті мен тәртібі.
3. Мемлекеттік қызметшілер әріптестерімен қызметтік қарым-қатынасы.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: кіші топпен жұмыс.

6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: ауызша сұрау, тест тапсырмаларын шешу

7. Әдебиет: №1 –қосымшаны қараңыз

8. Бақылау (сұрақтар):

1. Мемлекеттік қызметшіге қандай талаптар қойылады?
2. Басшылар қарамағындағы қызметшілермен қарым-қатынасы қандай болуы тиіс?
3. Төмен тұрған лауазымдарды атқаратын мемлекеттік қызметшілер өздерін қалай ұстағаны жөн?
4. Көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлегенде өздерін қалай ұстағаны жөн?

Тест

1. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің стандарттары ... көрсетілген.

- А. ҚР мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінде
 - Б. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Кодексте
 - В. Медицина қызметкерлерінің әдеп кодексінде
 - Г. мемлекеттік қызметкерлердің ережесінде
 - Д. ҚР Конституциясында
2. Қызметтік әдеп стандарттары барлық ... үшін міндетті.
- А. мемлекеттік қызметшілер

- Б. ҚР азаматтары
В. басшы қызметтегілер
Г. депутаттар
Д. шетел азаматтары
3. Мемлекеттік қызметтің әдептік қағидаттарына ... жатады.
А. адал ниеттілік, адалдық, ашықтық, сыпайылық, әділдік
Б. қарапайымдылық, адалдық, ашықтық, сыпайылық, әділдік
В. адал ниеттілік, сенімділік, ашықтық, сыпайылық, әділдік
Г. адал ниеттілік, адалдық, шынайылық, сыпайылық, әділдік
Д. адал ниеттілік, адалдық, ашықтық, білімділік, әділдік
4. Қоғам игілігі үшін мемлекетке кәсіби және жауапты қызмет ету – ... қағидаты.
А. адал ниеттілік
Б. адалдық
В. ашықтық
Г. сыпайылық
Д. әділдік
5. Өз міндеттеріне шынайы көзқарас – ... қағидаты.
А. адалдық
Б. адал ниеттілік
В. ашықтық
Г. сыпайылық
Д. әділдік
6. Жұртшылықпен жұмыс істеуге дайын екенін көрсету және өз іс-қимылының ашықтығын қамтамасыз ету - ... қағидаты.
А. ашықтық
Б. адалдық
В. адал ниеттілік
Г. сыпайылық
Д. әділдік
7. Азаматтар мен әріптестерге дұрыс және құрметпен қарау - ... қағидаты.
А. сыпайылық
Б. адалдық
В. ашықтық
Г. адал ниеттілік
Д. әділдік
8. Мемлекеттік қызметтерді тұтынушы ретінде халықтың сұраныстарына толықтай бағдарлай отырып, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру және

жолданымдарды қарау кезінде төрешілдік көріністеріне және әуре-сарсаңға салуға жол бермеу жөнінде шаралар қабылдау - ... қағидаты.

А. клиентке бағдарлау

Б. адалдық

В. ашықтық

Г. сыпайылық

Д. әділдік

9. Мемлекеттік қызметшіге қойылатын талаптар:

А. жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептік нормаларды сақтау

Б. ұжымда әріптестерінің қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін жеке және кәсіби қасиеттерін талқылау

В. ұжымда бейтарап позицияны ұстану

Г. жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептілік нормаларға үйлеспейтін әрекеттер жасауға мәжбүрлеу

Д. қызметтен тыс уақытта жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстанбау

10. Мемлекеттік қызметшіге қойылатын талаптар:

А. қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік және бейәдеп мінез-құлық фактілеріне жол бермеу

Б. ұжымда әріптестерінің қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін жеке және кәсіби қасиеттерін талқылау

В. ұжымда бейтарап позицияны ұстану

Г. жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептілік нормаларға үйлеспейтін әрекеттер жасауға мәжбүрлеу

Д. қызметтен тыс уақытта жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстанбау

1. №8 Тақырыбы: Денсаулық сақтау саласындағы азаматтардың құқықтық мәртебесі.

2. Мақсаты: білім алушыларды денсаулық сақтау саласындағы азаматтардың құқықтарымен таныстыру.

3. Оқыту міндеттері:

Білім алушы білуі және істей алуы тиіс:

1. Азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді;

2. Адамдардың денсаулық сақтау саласындағы құқықтарын;

3. Денсаулық сақтау саласындағы құқықтарды қамтамасыз ету кепілдерді.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. ҚР азаматтарының денсаулық сақтау саласы бойынша құқықтары.

2. Қазақстан Республикасының азаматтары мен отбасының ұрпақты болу құқықтарын қорғау саласындағы құқықтары.

3. Жүкті әйелдер мен аналардың денсаулық сақтау саласындағы құқықтары.

4. Балалардың құқықтары.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: кіші топпен жұмыс, құжаттармен жұмыс

6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: ауызша сұрау, тест тапсырмаларын шешу

7. Әдебиет: №1 –қосымшаны қараңыз

8. Бақылау (сұрақтар):

1. Денсаулық сақтау саласындағы азаматтардың құқықтық мәртебесі қай құжатта көрсетілген?
2. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі Кодексі қашан қабылданған?
3. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін алуға кім құқылы?
4. Пациенттер неге құқылы?

Тест

1. Денсаулық сақтау саласындағы азаматтардың құқықтық мәртебесі ... көрсетілген.
 - А. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Кодекстің 77- бабында
 - Б. ҚР Конституциясының 29-бабында
 - В. ДСМ-нің бұйрығында
 - Г. ҚР Президентінің жарлығында
 - Д. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Кодекстің 9- бабында
2. Қазақстан Республикасы азаматтары ... құқылы.
 - А. тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға
 - Б. стоматологиялық көмектің барлық түрін тегін алуға
 - В. жылына 1 рет санаторияда тегін емделуге
 - Г. стационарда жыл сайын емделуге
 - Д. профилактикалық тексеруден жыл сайын өтуге
3. Қазақстан Республикасы азаматтары ... құқылы.
 - А. дәрігер мен медициналық ұйымды еркін таңдауға
 - Б. диеталық асханаларда тегін тамақтануға
 - В. жылына 1 рет санаторияда тегін емделуге
 - Г. стационарда жыл сайын емделуге
 - Д. профилактикалық тексеруден жыл сайын өтуге
4. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың (мүгедектігі бар адамдардың) ... құқығы бар.
 - А. денсаулық сақтау ұйымдарында бірінші кезекте қызмет көрсетілуіне
 - Б. ай сайын азық-түлік себетімен тегін қамтамасыз етілуіне
 - В. пайызсыз несие алуға
 - Г. мемлекет есебінен шет елде емделуіне
 - Д. ай сайын қосымша жәрдемақы алуына
5. Балалардың құқықтарына ... жатады.
 - А. оқуға түсу кезінде тіркелген жері бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық құжаттаманы тегін негізде алу
 - Б. оқуға түсу кезінде кез-келген жерден денсаулық жағдайы туралы медициналық құжаттаманы тегін негізде алу
 - В. оқуға түсу кезінде тіркелген жері бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық құжаттаманы тек ақылы негізде алу

- Г. ата-анасының қалауымен үй жағдайында білім алу
Д. сауықтыру мекемелеріне тегін жолдама алу
6. Қазақстан Республикасының азаматтары ... құқылы.
А. репродуктивтілікті еркін таңдауға
Б. ай сайын азық-түлік себетімен тегін қамтамасыз етілуіне
В. пайызсыз несие алуға
Г. мемлекет есебінен шет елде емделуге
Д. ай сайын қосымша жәрдемақы алуға
7. Әлеуметтік мәні бар аурулармен есепте тұратын адамдардың ... құқы бар.
А. тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілуіне
Б. денсаулық сақтау ұйымдарында бірінші кезекте қызмет көрсетілуіне
В. жылына 1 рет санаторияда тегін емделуге
Г. стационарда жыл сайын емделуге
Д. ай сайын қосымша жәрдемақы алуға
8. Қазақстан Республикасының азаматтары ... құқылы.
А. тұқым қуалаушылық аурулардың алдын алу мақсатында медициналық ұйымдарда медициналық-генетикалық тексерулерге
Б. міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар төлеуден бас тартуға
В. айналасындағыларға қауіп төндіретін инфекциялық ауруларының өздерінде бар екендігі туралы хабардар етпеуге
Г. санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізуге
Д. санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізуге
9. Денсаулық сақтау саласындағы азаматтардың құқықтық мәртебесіне ... жатады.
А. медицина қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне сотқа шағым жасау
Б. эпидемиологиялық көрсетілімдер бойынша профилактикалық екпелерден бас тарту
В. медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы жалға алу
Г. психикасының бұзылушылығы бар адамдардың жыныстық сәйкестендіруде ауытқушылығы болса, жынысын ауыстыру
Д. денсаулық сақтау ұйымдарының қолданыстағы тәртібін сақтамау
10. Азаматтардың құқығы:
А. өлгеннен кейін өздерінен тіндерін немесе ағзаларын транспланттау мақсатында алу мүмкіндігі туралы ерікті түрде еркін білдіруіне
Б. жүкті әйелдер жүктіліктің кез-келген мерзімінде медициналық есепке тұруға
В. кәсіпкерлік қызмет халықтың өміріне немесе денсаулығына қауіп төндірсе де, оны тоқтатпауға
Г. медициналық ұйымда бейнебақылау жүргізуге
Д. емдеуші дәрігердің барлық нұсқамаларын мүлтіксіз орындамауға

1. №9 Тақырыбы: ҚР санитариялық эпидемиологиялық бақуаттылығы саласындағы нормативтік-құқықтық актілер.

2. Мақсаты: білім алушыларды ҚР санитариялық эпидемиологиялық бақуаттылығы саласындағы нормативтік-құқықтық актілермен таныстыру.

3. Оқыту міндеттері:

Білім алушы білуі және істей алуы тиіс:

1. Еңбек Кодексін;
2. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Кодексті;
3. Кедендік Одақтың техникалық регламентін;
4. Санитарлық нормалар мен ережелерді.
- 4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**
 1. Еңбек заңнамасының қағидаттары.
 2. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Кодекстің қолдану аясы.
 3. Кедендік Одақтың техникалық регламенті туралы жалпы түсінік.
 4. Санитарлық нормалар мен ережелер туралы жалпы түсінік.
- 5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары:** кіші топпен жұмыс, құжаттармен жұмыс.
- 6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері:** ауызша сұрау, тест тапсырмаларын шешу
- 7. Әдебиет:** №1 –қосымшаны қараңыз
- 8. Бақылау (сұрақтар):**
 1. ҚР санитариялық эпидемиологиялық бақуаттылығы саласында қолданылатын қандай нормативтік-құқықтық актілерді білесіз?
 2. Мемлекеттік қызмет туралы заңның санитариялық - эпидемиологиялық қызмет саласы мамандары үшін маңызы неде?
 3. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Кодекс қашан қабылданған және санитариялық - эпидемиологиялық қызмет саласы мамандары үшін маңызы неде?
 4. Санитарлық нормалар мен ережелерді кім өңдейді және сақталуын кім қадағалайды?

Тест

1. Нормативтік-құқықтық актілер былайша бөлінеді:
 - А. Негізгі және туында
 - Б. Негізгі және жобалы
 - В. Жалпы және ерекше
 - Г. Негізгі және қосымша
 - Д. Жалпы және жеке.
2. Нормативтік-құқықтық актілердің негізгі түрлеріне жататындар:
 - А. Нормативтік-бұйрықтар
 - Б. Регламент
 - В. Ереже
 - Г. Жағдай
 - Д. Нұсқау.
3. Үкімет шығаратын құқықтық актіні атаңыз.
 - А. қаулы
 - Б. заңдар
 - В. жарлық
 - Г. өкім
 - Д. шешім
4. ҚР санитариялық эпидемиологиялық бақуаттылығы саласындағы негізгі нормативтік-құқықтық актілерге ... жатады.

- А. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Кодекс
 - Б. ҚР санитариялық эпидемиологиялық салуаттылығы туралы Заңы
 - В. Су кодексі.
 - Г. Жер кодексі.
 - Д. МӘМС туралы заң.
5. Нормативтік құқықтық актінің кіріспе бөлімі қалай аталады?
- А. Преамбула
 - Б. Гипотеза
 - В. Атауы
 - Г. Мазмұны
 - Д. Презумпция
6. Нормативтік құқықтық актілерде мазмұндалатын құқықтық норманы жүзеге асырумен байланысты, құзіретті органдардың арнайы қызметі қалай аталады?
- А. Құқықты қолдану.
 - Б. Құқықты қамтамасыз ету.
 - В. Құқықшығармашылық.
 - Г. Құқықтық мәжбүрлеу.
 - Д. Құқықтық жүріс-тұрыс.
7. Нормативтік құжатты белгілі тәртіпте, ұқсастығына қарай оның ішкі мазмұнын өзгертпей біріктіретін заңдарды жүйелеудің тәсілі қалай аталады?
- А. Инкорпорация.
 - Б. Заңдарды жүйелеу.
 - В. Консолидация.
 - Г. Құқықтық жүйе.
 - Д. Кодификация.
8. Конституция – бұл:
- А. Мемлекеттің құрылымын, мемлекеттік органдардың құрылымын, адамдардың құқықтарын бекітетін негізгі заң.
 - Б. Елдің барлық заңдары жинақталған, ірі заң актісі.
 - В. Елдің азаматтары қол қоятын, мемлекетке адалдық анты.
 - Г. Мемлекет шығаратын және басқа мемлекетпен өзара қарым-қатынасын анықтайтын саяси декларация.
 - Д. Заңдардың негізгі және оларды орындау үшін шығарылған заңға сәйкес акт.
9. Заңдық күші жоғары нормативтік-құқықтық акт:
- А. Үкіметтің қаулысы.
 - Б. Жергілікті органдардың шешімі.
 - В. Министрлік бұйрығы.
 - Г. Министрліктің инструкциясы.
 - Д. Премьер-министрдің бұйрығы.
10. Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт-бұл:
- А. Заң негізінде және оны орындау үшін заңға сәйкестендіріліп шығарылған нормативтік акт.
 - Б. Жүріс-тұрыс ережесінен тұратын ресми акт.
 - В. Нотариуспен құрастырылған және де бекітілген жазбаша құжат.

Г. Белгілі жүйе бойынша құрастырылған заңдар жинағы.

Д. Діни қатынастарды реттейтін ережелер.

1. №10 Тақырыбы: Қызметтік әдепті бұзғаны үшін жауапкершілік.

2. Мақсаты: білім алушыларды қызметтік әдепті бұзғаны үшін жауапкершілік түрлерімен таныстыру.

3. Оқыту міндеттері:

Білім алушы білуі және істей алуы тиіс:

1. Қызметтік әдеп нормаларын;
2. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдепті сақтаудағы жауапкершілігін;
3. Тәртіптік жаза түрлерін.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Мемлекеттік қызметшілердің этикалық нормативтік құқықтық актілері.
2. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметшілердің әдебінің мәселелері.
3. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдепті сақтаудағы жауапкершілігі.
4. Тәртіптік жаза түрлері.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: кіші топпен жұмыс

6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: ауызша сұрау, тест тапсырмаларын шешу

7. Әдебиет: №1 –қосымшаны қараңыз

8. Бақылау (сұрақтар):

1. Әдеп ұғымын қалай түсінесіз?
2. Мемлекеттік қызметшілердің әдебі қандай нормативтік құқықтық актілерге негізделген?
3. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдепті бұзған кезде қандай шара қолданылады?
4. Мемлекеттік қызметшілердің әдепке сай емес мінез-құлқы жаңдайында қандай әрекеттер жасауға дайынсыз?

Тест

1. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп стандарттарын бұзуы ...

- А. тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғады.
- Б. қылмыстық жауапкершілікке әкеледі.
- В. жұмыстан шығаруға себеп болады.
- Г. лауазымын жоғарылатуға әкеледі.
- Д. әкімшілік жауапкершілікке әкеледі.

2. Тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін мемлекеттік қызметшілерге мынадай жаза түрлері қолданылмайды.

- А. айыппұл салу
- Б. ескерту
- В. сөгіс
- Г. қатаң сөгіс
- Д. қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту.

3. Бірінші тәртіптік теріс қылығы үшін тәртіптік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде көрсетілген тәртіптік теріс қылықтардың кез келгенін қайталап жасау ...
 - А. атқаратын мемлекеттік лауазымынан шығаруға әкеп соғады.
 - Б. айыппұл салуға әкеледі.
 - В. қатаң сөгіс жариялауға әкеп соғады.
 - Г. лауазымын төмендетуге шешім шығарады.
 - Д. мәжбүрлі түрде айлық жалақысы сақталмайтын еңбек демалысын алуға әкеледі.
4. Тәртіптік жазаны:
 - А. лауазымдық өкілеттіктеріне сәйкес осындай құқығы бар лауазымды адамдар (орган) қолданады.
 - Б. мекеменің бірінші басшысы қолданады.
 - В. кәсіподақ комитетінің шешімімен қолданады.
 - Г. арнайы комиссияның шешімімен қолданады.
 - Д. сыбайлас жемқорлықпен күрес агенттігі қолданады.
5. Тәртіптік жазаны қолдану тәртібін ... айқындайды.
 - А. Қазақстан Республикасының Президенті
 - Б. сенат депутаттары
 - В. ҚР премьер-министрі
 - Г. Денсаулық сақтау министрі
 - Д. прокуратура
6. Мемлекеттік қызметшінің өзіне жүктелген міндеттерді құқыққа қайшы түрде, кінәлі түрде орындамауы немесе тиісінше орындамауы, лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалануы ... деп саналады.
 - А. мемлекеттік қызметшінің тәртіптік теріс қылығы
 - Б. мемлекеттік қызметшінің этиканы сақтамауы
 - В. мемлекеттік қызметшінің атқаратын қызметіне сәйкес келмеуі
 - Г. заңды мойындамауы
 - Д. әкімшілік құқық бұзушылық
7. Тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап ... қолданылады.
 - А. бір айдан кешіктірілмей
 - Б. бір апта ішінде
 - В. ертеңінде
 - Г. 5 жұмыс күннен кешіктірілмей
 - Д. 3 айдан соң
8. Тәртіптік жазаны теріс қылық жасалған күннен бастап ... қолдануға болмайды.
 - А. алты айдан кешіктіріп
 - Б. бір апта ішінде
 - В. ертеңінде
 - Г. 5 жұмыс күннен кешіктірілмей
 - Д. 3 айдан кешіктіріп
9. Тәртіптік жазаны ... кезінде қолдануға болмайды.
 - А. мемлекеттік қызметшінің еңбекке уақытша жарамсыздығы
 - Б. жұмыс уақыты
 - В. тәуліктің бірінші жартысы

Г. тәуліктің екінші жартысы

Д. жұмыс соңы

10. Тәртіптік жазаны ... кезінде қолдануға болмайды.

А. мемлекеттік қызметшінің демалыста немесе іссапарда болуы

Б. мемлекеттік қызметшінің жұмыс уақыты

В. тәуліктің бірінші жартысы

Г. тәуліктің екінші жартысы

Д. мемлекеттік қызметшінің жұмыс соңы

1. №11 Тақырыбы: Дәрігерлік құпия.

2. Мақсаты: білім алушыларды медициналық құпиямен, ақпаратты беру тәртібімен және оларды жария етудегі жауапкершілікпен таныстыру.

3. Оқыту міндеттері:

Білім алушы білуі және істей алуы тиіс:

- «Құпиялылық» түсінігінің анықтамасын.
- Дәрігерлік құпия туралы Гиппократ антын.
- Медициналық құпияның құқықтық негіздерін.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Медициналық құпия: нормативтік реттеу.
2. Медициналық құпияны сақтау: медициналық құжаттар.
3. Медициналық құпияны ашу шарттары.
4. Медициналық құпияны жария еткені үшін жаза.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: кіші топпен жұмыс

6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: ауызша сұрау, тест тапсырмаларын шешу

7. Әдебиет: №1 –қосымшаны қараңыз

8. Бақылау (сұрақтар):

1. Медициналық құпия ұғымына не кіреді?
2. Медициналық құпияны ашуға қашан рұқсат етіледі?
3. Медициналық құпияны жариялағаны үшін жауапкершілік қандай?

Тест

1. Медицина қызметкері құпиясын құрайтын мәліметтерді адамның келісімінсіз ... беруге болады.
 - А. айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың таралу қатері кезінде
 - Б. науқастың мүддесі үшін
 - В. науқас қайтыс болғаннан кейін
 - Г. тек заңмен келісілген ерекше жағдайларда
 - Д. бас дәрігердің рұқсатымен
2. Медицина қызметкері құпиясын құрайтын мәліметтерді адамның келісімінсіз ... беруге болады.

- А. тергеу органдарының, прокурордың, адвокаттың және (немесе) соттың сұрау салуы бойынша
 - Б. науқастың мүддесі үшін
 - В. науқас қайтыс болғаннан кейін
 - Г. тек заңмен келісілген ерекше жағдайларда
 - Д. бас дәрігердің рұқсатымен
3. Медицина қызметкері құпиясын құрайтын мәліметтерді адамның келісімінсіз ... беруге болады.
- А. адамның психикалық ауытқушылықтары мен сексуалдық зорлық-зомбылыққа бейімділігі анықталған кезде
 - Б. науқастың мүддесі үшін
 - В. науқас қайтыс болғаннан кейін
 - Г. тек заңмен келісілген ерекше жағдайларда
 - Д. бас дәрігердің рұқсатымен
4. Медицина қызметкері құпиясын құрайтын мәліметтерді адамның келісімінсіз ... беруге болады.
- А. кәмелетке толмаған немесе әрекетке қабілетсіз адамға медициналық көмек көрсету кезінде оның заңды өкіліне хабар беру үшін
 - Б. науқастың мүддесі үшін
 - В. науқас қайтыс болғаннан кейін
 - Г. тек заңмен келісілген ерекше жағдайларда
 - Д. бас дәрігердің рұқсатымен
5. Медицина қызметкері ... құпияны жария ету болып табылмайды.
- А. медициналық көмек көрсету және құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар қызметін жүзеге асыру мақсатында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып ақпарат алмасу
 - Б. ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып науқастың диагнозын жариялау
 - В. медициналық көмек көрсетілгені жайлы мәліметті көршісімен бөлісу
 - Г. арнаулы мемлекеттік органдарға өз бетінше науқастың жағдайы туралы мәліметті жіберу
 - Д. құқық қорғау органдарына өз бетінше науқастың жағдайы туралы мәліметті жіберу
6. Дәрігерлік құпияға ... жатады.
- А. аурудың диагнозы
 - Б. науқастың отбасылық жағдайы
 - В. аурудың жұмыс орны
 - Г. жалақы мөлшері
 - Д. науқастың мекен-жайы

7. Сот үкімімен, заңды тәртіпте кінәсі анықталмайынша тұлғаны кінәлі деп танымау қалай аталады:

- А. Кінәсіздік презумпциясы
- Б. Құқық қабілеттілік
- В. Адамның жеке басына қол сұқпаушылық
- Г. Жеке адам мәртебесі
- Д. Әрекет қабілеттілік

8. Құқықтық норманы бұзушыға қолданатын шараларды анықтайтын заң нормасының элементі:

- А. Санкция
- Б. Диспозиция
- В. Гипотеза
- Г. Презумпция
- Д. Аксиома

9. Дәрігерлік құпияны ... сақтауы тиіс.

- А. барлық медицина қызметкерлері
- Б. тек дәрігерлер
- В. медициналық білімі бар қызметкерлер
- Г. емдеуші дәрігерлер
- Д. медициналық мекеменің басшылары

10. ҚР Қылмыстық Кодексінің ... бабында медицина қызметкері медициналық құпияны жария еткен жағдайда қандай жауапкершілік жүктелетіндігі көрсетілген.

- А. 321
- Б. 200
- В. 337
- Г. 95
- Д. 361

1. №12 Тақырыбы: Санитариялық —эпидемиологиялық қызметкерлерінің еңбегін құқықтық реттеу.

2. Мақсаты: білім алушыларды санитариялық —эпидемиологиялық қызметкерлерінің еңбегін құқықтық реттеу жолдарымен таныстыру.

3. Оқыту міндеттері:

Білім алушы білуі және істей алуы тиіс:

- 1. Санитариялық-эпидемиологиялық қызмет саласындағы адамдардың құқықтарын;
- 2. Санитариялық —эпидемиологиялық қызметкерлерінің еңбегін құқықтық реттеудің жолдары;
- 3. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын адамдарды әлеуметтік қорғау жолдарын.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Санитариялық-эпидемиологиялық қызмет саласындағы мамандарға қойылатын талаптар.
2. Санитариялық-эпидемиологиялық қызмет саласындағы мамандардың лауазымдық міндеттері.
3. Санитариялық –эпидемиологиялық қызметкерлер еңбегін ұйымдастыру тәртібі.
5. **Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары:** кіші топпен жұмыс
6. **Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері:** ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шешу
7. **Әдебиет:** №1 –қосымшаны қараңыз
8. **Бақылау (сұрақтар):**
 1. Санитариялық-эпидемиологиялық қызмет саласындағы мамандарға қандай талаптар қойылады?
 2. Санитариялық-эпидемиологиялық қызмет саласындағы мамандардың лауазымдық міндеттеріне не жатады?
 3. Санитариялық –эпидемиологиялық қызметкерлер еңбегін ұйымдастыру тәртібі қалай жүзеге асырылады?
 4. Санитариялық-эпидемиологиялық қызмет саласындағы адамдардың құқықтарын атаңыз.
 5. Санитариялық –эпидемиологиялық қызметкерлерінің еңбегін құқықтық реттеудің жолдары қандай?

Жағдайлық есептер

1-есеп

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне жұмысқа тұрған жас маманның еңбек шартының мазмұнында еңбек тәртібін бұзған, яғни жұмысқа кешігіп келген немесе жұмыс орнында 3 сағатқа дейін болмаған қызметкерлерге еш ескертусіз жұмыстан шығарылады деп көрсетілген.

Сұрақ: Департаменттегі еңбек шартының талаптары заңды ма?

2-есеп

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы коммуналды гигиена бөліміндегі жетекші маман А. Сергазинаны Абай аудандық СЭББ ауыстыруға бұйрық шығарды. Бірақ, А. Сергазина ол жұмыстан бас тартқаны үшін, жұмыстан шығаруға бұйрық шығарды. Әкімшіліктің шешімімен келіспеген ол қалалық сотқа жұмысқа қайта алуын талап етіп жүгінді.

Сұрақ: Әкімшіліктің А.Сергазинаны келісімінсіз басқа жұмысқа ауыстыруы заңды ма?

3-есеп

Азаматша Қалқаманова М.А. Қостанай қалалық СЭБД 1990 жылдан қызмет істейді. 2020 жылы оның зейнеткерлік жасқа толуына байланысты мекеме басшысы онымен еңбек шартын тоқтатуды талап етеді.

Сұрақтар: 1. Мекеме басшысының талабы заңды ма?

2. Қызметкерге сол қызметте әрі қарай істей беруге бола ма, жоқ әлде зейнеткердің сол еңбек ұжымында жұмыс істеуін шектейтін қандай да бір заң нормасы бар ма?

1. №13 Тақырыбы: Санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс - шараларды жүргізуді ұйымдастыру.

2. Мақсаты: білім алушыларды профилактикалық іс - шараларды жүргізуді ұйымдастыру аспектілерімен таныстыру.

3. Оқыту міндеттері:

Білім алушы білуі және істей алуы тиіс:

1. Профилактиканың түрлерін;
2. Аурулардың профилактикасының мақсатын;
3. Профилактикалық іс – шаралардың түрлерін.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Профилактика түсінігі, түрлері.
2. Жұқпалы емес аурулардың алдын алу жолдары.
3. Жұқпалы аурулардың алдын алу жолдары.
4. Профилактикалық іс - шараларды жүргізуде қолданылатын әдістер.
5. Иммунопрофилактиканың маңызы.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: кіші топпен жұмыс

6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: ауызша сұрау, тест тапсырмаларын шешу

7. Әдебиет: №1 –қосымшаны қараңыз

8. Бақылау (сұрақтар):

1. Профилактиканың қандай түрлерін білесіз?
2. Біріншілік профилактиканы кім, қай кезде жүргізеді?
3. Екіншілік профилактиканы кім, қай кезде жүргізеді?
4. Үшіншілік профилактика дегеніміз не?
5. Профилактикалық екпелердің қандай түрлерін білесіз?

Тест

1. Эпидемия дегеніміз

- А. жұқпалы аурулардың бірнеше рет көбеюі
- Б. жұқпалы аурулардың басталуы
- В. жұқпалы аурулардың қайталануы
- Г. жұқпалы аурулардың азаюы
- Д. жұқпалы аурулардың әлемде кең көлемде таралуы

2. Жұқпалы аурулардың үлкен аумаққа таралуы ... деп аталады.

- А. пандемия
- Б. эндемия
- В. эпидемия
- Г. реинфекция
- Д. инфекция

3. Жалпы аурулардың алдын алуымен бірге, жалпы денсаулықтың нығайтуға бағытталған сақтандыру шараларының жүйесі – ... деп аталады.

- А. профилактика
- Б. дезинфекция

- В. вакцинация
Г. дератизация
Д. эпидемиология
4. Профилактика ... болып бөлінеді.
А. біріншілік, екіншілік, үшіншілік
Б. бастапқы және қайталама
В. жалпы және жеке
Г. жедел және созылмалы
Д. алғашқы және соңғы
5. Біріншілік профилактикаға ... жатады.
А. екпе егу
Б. скрининг
В. ауруды емдеу
Г. қайта қалпына келтіру
Д. ауру ошағын дезинфекциялау
6. Екіншілік профилактикаға ... жатады.
А. скрининг
Б. екпе егу
В. ауруды емдеу
Г. қайта қалпына келтіру
Д. ауру ошағын дезинфекциялау
7. Үшіншілік профилактикаға ... жатады.
А. қайта қалпына келтіру
Б. екпе егу
В. ауруды емдеу
Г. скрининг
Д. ауру ошағын дезинфекциялау
8. Күнделікті жұқпалы аурулардың заңдылықтары мен олармен күресу, жою, алдын алу, ұйымдастыру жиынтығын ... қамтиды.
А. жалпы эпидемиология
Б. жеке эпидемиология;
В. гигиена
Г. паразитология
Д. бактериология
9. Жұқпалы аурулардың пайда болуын, таралуын, алдын алуын, күресу шараларын ұсынатын ғылым ... деп аталады.
А. эпидемиология
Б. физиология
В. паразитология,
Г. бактериология
Д. вирусология
10. Дезинфекция дегеніміз
А. адам мен жануарларда, өсімдіктерде ауру қоздыратын микроағзаларды жоюға бағытталған шаралар жүйесі

- Б. кеміргіштерді жою
В. қан сорғыштарды жою
Г. шыбын шіркейлерді жою
Д. өсімдіктердің зиянкестерін жоюға бағытталған шаралар жүйесі

1. №14 Тақырыбы: Медициналық қателіктер.

2. Мақсаты: білім алушыларды медициналық қателіктер түрлерімен және медицина қызметкерлерінің жауапкершілігімен таныстыру.

3. Оқыту міндеттері:

Білім алушы білуі және істей алуы тиіс:

- Медициналық қателікті;
- Медициналық қателіктердің жіктелуін;
- Медициналық қателіктер мен жазатайым оқиғалардың этикалық және құқықтық аспектілерін;
- Медицина қызметкерлерінің жауапкершілігін.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

- 1) Қателік пен апат арасындағы айырмашылық неде?
- 2) Медициналық қателердің этикалық және заңды аспектілері қандай?
- 3) Әріптес қате жіберген кезде медициналық ынтымақтастықты қалай түсінесіз?
- 4) Әріптестердің қателігінің этикалық және құқықтық аспектісі және оның командадағы рөлі қандай?

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: кіші топпен жұмыс

6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шешу

7. Әдебиет: №1 –қосымшаны қараңыз

8. Бақылау (сұрақтар):

1. Қателік пен апат арасындағы айырмашылық неде?
2. Медициналық қателердің этикалық және құқықтық аспектілері қандай?
3. Әріптес қате жіберген кезде медициналық ынтымақтастықты қалай түсінесіз?
4. Әріптестердің қателігінің этикалық және заңды аспектісі және оның топтағы рөлі қандай?

Жағдайлық есептер

№1-есеп. Науқасқа пенициллин инъекциялары тағайындалды. Бірінші инъекциядан кейін үш минуттан кейін науқас қайтыс болды. Ауру тарихында науқастың осы препаратпен бұрын емделгені, бірақ аллергиялық реакция байқалмағаны жазылған. Сараптамалық комиссия пенициллинді енгізуге ағзаның ерекше аллергиялық анафилактикалық реакциясы туралы қорытынды берді.

Сұрақтар:

1. Бұл жағдайда медициналық көмекте ақау бар ма? Түсіндіріңіз.
2. Науқастың өлімі үшін медициналық қызметкерлер заңды жауапкершілікке тартылуы мүмкін бе?
3. Жазатайым оқиға мен медициналық қатенің айырмашылығы неде?

№2-есеп. 44 жастағы ер адам стационардың хирургиялық бөлімшесіне белінің ауырсынуымен түсті. Алты айдан кейін ол бас миының ауыр зақымдануымен ауруханадан шығарылды. Қайғылы жағдай мас анестезиологтың қателігінен орын алған, ол оған операция алдында қажетті мөлшерден 10 есе көп седативті дәрі берген.

Сұрақтар:

1. Алдымызда не тұр: қателік, жазатайым оқиға, қылмыс? Түсіндіріңіз.
2. Анестезиологтың әрекеті ҚР ҚК-нің қай бабына жатады?

№3-есеп. 12 жасар жасөспірімге аппендицит диагнозымен ота жасалды. Наркоз кезінде ол тыныс алуды тоқтатты. Қайта жаңғырту әрекеттері сәтті болмады. Құрылғыға оттегі баллонының орнына азот тотығы бар баллон қосылған болып шықты. Өлім себебі - азот тотығымен улану.

Сұрақтар:

1. Медициналық көмектің ақауын анықтаңыз.
2. Медицина қызметкерінің әрекеті Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің қай бабына жатады? Түсіндіріңіз.

№4-есеп. Түннің бір уағында екі жақты пневмония және тыныс алу жолдарының ауыр ақауы бар науқас жедел жәрдем көлігімен көп бейінді ауруханаға жеткізілді. Кезекші дәрігер маман хирург науқасты тексеріп, осы бөлімше қызметкерлеріне ешбір алдын ала жазылусыз және ескертусіз терапия бөліміне жіберді. Науқас медициналық көмексіз қалды. Таңертең ерте бөлім медбикесі науқасты ес-түссіз жатқан күйде тапты. Жедел реанимациялық шаралар нәтиже бермеді. Науқас қайтыс болды.

Сұрақтар:

1. Медицина қызметкерлерінің іс-әрекетінде медициналық көмек көрсетуде ақау болды ма? Түсіндіріңіз.
2. Кезекші дәрігердің ісінде не бар: қателік, теріс қылық, қылмыс? Түсіндіріңіз.
3. Абайсызда жеңіл зиян келтіру қылмыстық жауаптылыққа жатады ма?

1. №15 Тақырыбы: Құқық бұзушылық үшін жауапкершілік түсінігі, түрлері.

2. Мақсаты: білім алушыларды құқық бұзушылық үшін жауапкершілік түрлерімен таныстыру.

3. Оқыту міндеттері:

Білім алушы білуі және істей алуы тиіс:

1. Құқық бұзушылық себептері мен түрлерін;
2. Заңды жауапкершілік түсінігін;
3. Құқық бұзушылықтың зиянын;
4. Құқық бұзушылық үшін жауапкершілік түрлерін.

4.Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Құқық бұзушылық түсінігі, мазмұны.
2. Құқық бұзушылық түрлері, себептері.
3. Құқық бұзушылыққа тән белгілер.
4. Құқық бұзушылық үшін жауапкершілік түрлері.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: кіші топпен жұмыс

6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: ауызша сұрау, тест тапсырмаларын шешу

7. Әдебиет: №1 –қосымшаны қараңыз

8. Бақылау (сұрақтар):

1. Заңда құқыққа қайшы дегендердің барлығы қоғамға зиян немесе қауіпті ме?
2. Құқық бұзушылықтың мәні неде?
3. Құқықтық жауаптылық немен сипатталады?
4. Құқықтық нормалар қағидасы бұзылған жағдайда тиісті шараларды кім қолдануға құқылы?
5. Құқық бұзушылықтың қандай түрлерін білесіз?

Тест

ҚР азаматтарының денсаулықты қорғауға құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік органдар мен денсаулық сақтау субъектілерінің жиынтығы

- А. денсаулық сақтау жүйесі
- Б. денсаулық сақтау министрлігі
- В. халықты жұмыспен қамтамасыз ету орталығы
- Г. халықты әлеуметтік қолдау жүйесі
- Д. жергілікті атқарушы орган

2. Адамның денсаулығына, оның өміріне қауіпті зиян немесе көру, сөйлеу, есту қабілетінен немесе қандай да бір ағзадан айырылуына әкеп соққан зиян ... деп есептелінеді.

- А. денсаулыққа ауыр зиян
- Б. денсаулыққа орташа зиян
- В. денсаулыққа жеңіл зиян
- Г. мүгедектікке әкелу
- Д. денсаулыққа жасалған қасақана зиян

3. Адамның денсаулығына, оның өміріне қауіпті емес, денсаулықтың ұзақ уақыт (жиырма бір күннен астам мерзімге) бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін (үштен бір бөлігінен кем) тұрақты түрде айтарлықтай жоғалтуға әкеп соққан зиян ... деп есептелінеді.

- А. денсаулыққа ауырлығы орташа зиян
- Б. денсаулыққа ауыр зиян
- В. денсаулыққа жеңіл зиян
- Г. мүгедектікке әкелу
- Д. денсаулыққа жасалған қасақана зиян

4. Денсаулықтың қысқа мерзімге (жиырма бір күннен аспайтын мерзімге) бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін (оннан бір бөлігінен кем) тұрақты түрде болмашы жоғалтуға әкеп соққан адамның денсаулығына келтірілген зиян ... деп есептелінеді.

- А. денсаулыққа жеңіл зиян
- Б. денсаулыққа ауыр зиян
- В. денсаулыққа орташа зиян
- Г. мүгедектікке әкелу

Д. денсаулыққа жасалған қасақана зиян

5. Қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылатын негізгі жазаларға ... жатады.

А. айыппұл салу

Б. жұмыстан шығару

В. басқа жұмысқа ауыстыру

Г. бас бостандығынан айыру

Д. лауазымынан шеттету

6. Қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылатын негізгі жазаларға ... жатады.

А. түзеу жұмыстарын белгілеу

Б. жұмыстан шығару

В. басқа жұмысқа ауыстыру

Г. бас бостандығынан айыру

Д. лауазымынан шеттету

7. Медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттарын, медициналық көмек көрсету қағидаларын өрескел бұзу, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, ...

А. жеке тұлғаларға - он, лауазымды адамдарға - жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Б. жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға – қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

В. уақытша жұмыстан шеттетіледі.

Г. жұмыстан шығарылады.

Д. сөгіс жарияланады.

8. Медицина қызметкерінің медициналық көмек көрсету тәртібін, стандарттарын сақтамау, кәсіптік міндеттеріне ұқыпсыз қарауы немесе адал қарамауы салдарынан оларды орындамауы немесе тиісінше орындамауы, егер бұл денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге әкеп соқса, ...

А. жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға – қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Б. жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға – қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

В. уақытша жұмыстан шеттетіледі.

Г. жұмыстан шығарылады.

Д. сөгіс жарияланады.

9. Медицина және фармацевтика қызметкерлерін өздерінің кәсіптік міндеттерімен байланысты емес жұмыс түрлеріне тарту ...

А. жеке тұлғаларға - отыз, лауазымды адамдарға - елу, заңды тұлғаларға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Б. жеке тұлғаларға - он, лауазымды адамдарға - жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

В. жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға – қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Г. жұмыстан шығарылады.

Д. сөгіс жарияланады.

10. Медицина және фармацевтика қызметкерлеріне өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауы кезінде былапыт сөйлеуден, әбес қылықтар (белгілер) мен заттар көрсетуден, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін пайдалану арқылы, лайықсыз мінез-құлықтан, мазақ қылудан көрінген құрметтемеушілік таныту –

А. жеке тұлғаларға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.

Б. жеке тұлғаларға - отыз, лауазымды адамдарға - елу, заңды тұлғаларға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

В. жеке тұлғаларға - он, лауазымды адамдарға - жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Г. жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға – қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Д. сөгіс жарияланады.

1-қосымша

Әдебиеттер:

Мамандыққа кіріспе

1. Кэмпбелл, А. Медициналық этика [Мәтін]: оқу құралы: ағылшын тілінен ауд. / А. Кэмпбелл, Г. Джиллет, Г. Джонс; ред. Ю. М. Лопухин; қаз. тіліне ауд. және жауапты ред. М. А. Башбаева. - 2-бас., түзет.; РФ Білім және ғыл. министрлігі. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 368 бет.

2. Дәрігер мамандығына кіріспе. Клиника, құқық, этика және коммуникация негіздері: оқулық / М.А. Асимов [және т.б.]. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 232 бет.

3. Введение в профессию врача. Основы клиники, права, этики и коммуникации: учебник / М. А. Асимов, Г. О. Оразбакова. - Қарағанды: АҚНҰР, 2019. - 244 с

4. Молотов-Лучанский, В. Б. Коммуникативные навыки [Текст]: учеб. пособие / В. Б. Молотов-Лучанский, Л. Л. Мациевская, Н. А. Цаюкова. - Алматы: Эверо, 2014. - 138 с.

5. Оразбекова, Г. А. Дәрігердің коммуникативтік дағдылары [Текст]: жоғары медициналық оқу орындарына арналған оқулық / Г. А. Оразбекова, А. Н. Сексенали. - Алматы: өнер, 2009. - 292 бет

Медициналық құқық

1. Қошқарбаев, Қ. Қ. Медициналық құқық [Мәтін]: оқу құралы / Қ. Қ. Қошқарбаев; ҚР БҒМ. - Қарағанды: ЖК "Ақнұр", 2013. - 306 бет.

2. Қошқарбаев, Е. Қ. Медициналық құқық [Мәтін]: оқу құралы / Е. Қ. Қошқарбаев; ҚР БҒМ. -; С. Ж. Асфендияров атындағы ҚАЗҰМУ баспаға ұсынған. - Қарағанды: ЖК "Ақнұр", 2014.

3. Дәрігер мамандығына кіріспе. Клиника, құқық, этика және коммуникация негіздері [Мәтін]: оқулық / М.А. Асимов [және т.б.]. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 232 бет.
4. Введение в профессию врача. Основы клиники, права, этики и коммуникации [Текст]: учебник / М. А. Асимов, Г. О. Оразбакова . - Қарағанды: АҚНҰР, 2019. - 244 с.
5. Медик, В. А. Общественное здоровье и здравоохранение [Текст]: учебник / В. А. Медик, В. К. Юрьев. - 2-е изд., испр. и доп. ; Рек. ГОУ ВПО "Моск. мед. акад. им. И. М. Сеченова". - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 608 с.

Медициналық этика

1. Кэмпбелл, А. Медицинская этика [Текст]: учеб. пособие: пер. с англ. / А. Кэмпбелл, Г. Джиллет, Г. Джонс ; под ред. Ю. М. Лопухина. - 2-е изд., испр. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2010. - 400 с.
2. Биоэтика [Текст]: учебное пособие / В. В. Сергеев [и др.]. -; Рек. Учебно-методическим объединением по мед. и фарм. образованию вузов. - М : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 240 с.
3. Введение в профессию врача. Основы клиники, права, этики и коммуникации [Текст]: учебник / М. А. Асимов, Г. О. Оразбакова . - Қарағанды: АҚНҰР, 2019. - 244 с.
4. Дәрігер мамандығына кіріспе. Клиника, құқық, этика және коммуникация негіздері: оқулық / М.А. Асимов [және т.б.]. - 2-ші бас. - Қарағанды: АҚНҰР, 2019. - 232 бет.
5. Оразбекова, Г. А. Дәрігердің коммуникативтік дағдылары [Текст] : жоғары медициналық оқу орындарына арналған оқулық / Г. А. Оразбекова, А. Н. Сексенали. - Алматы : өнер, 2009. - 292 бет

ТУПНҰСҚА
ОРИГИНАЛ

ОҢТҰСТІК ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL
ACADEMY**

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

Гигиена және эпидемиология кафедрасы

Тәжірибелік сабаққа арналған әдістемелік нұсқау

044 -59/11()

36 беттің 36 беті